

Қазіргі кезеңдегі адами ресурстарды басқарудың ерекшеліктері

*Сыздық Бақытжан Серікболұлы, магистрант
Қорқыт Ата татындағы Қызылорда университеті (Қызылорда, Қазақстан)*

Нарықтық арақатынастар жағдайындағы кәсіпорынның дұрыс дамуы бәсекеге қабілетті күресті ұстау және осы күресте жеңіп шығу үшін барлық ресурстар түрлерін және ең басты адам ресурстарын максималды және рационалды қолдану.

Адамдар – бұл кәсіпорынның ең бағалы ресурстары. Көптеген мемлекеттерде қазіргі кезде «қызметкер» және «кадрлар» терминдерінің орнына «адам ресурстары» терминінің қолданылуы кездейсоқ емес. Бұндай жағдайда адамдар кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарына жетуі үшін компанияның жетістігі ретінде, бағалы ресурстар ретінде қарастырылады. Қазіргі кездегі бәсеке күресінде аман қалып, дұрыс дами алады тек сол компаниялар және фирмалар қасыларының даму концепциясы дұрыс көрсетілген және олардың кәсіпкерліктерінің ішкі және сыртқы жағдайларының жүйелік анализі негізінде құрылған кадрлық саясаттары.

«Адами ресурстар» түсінігі – бұл экономика ғылымының негізін салушы санаттардың бірі болып табылады. Бұл түсінік әлеуметтік-экономикалық жүйенің ауқымды мәселелерін шешуімен байланысады. Адам ресурстарын дамыту, басқару және жүзеге асыруға қатысты «Адами ресурстар» санатын және мәселелерін талдау тұрақты даму шартында ерекше өзектілікке ие. Адам ресурстарының тұжырымдамалық ережесінің теориясы, қазіргі постиндустриалды қоғамның даму үдерісінде ең маңызды басымдығы және белсенді субъектісі, басты мақсаты адам болып табылатынын білдіреді [1].

Адам ресурстарын дамыту сыртқы ортаның өзгеруіне бейімделген адамның мүмкіндіктерін үздіксіз, тұрақты кеңейту үдерісі болып табылады.

Бұл кезде адам дамуының әр кезеңінде негізін қалаушы ретінде үш басты мүмкіндіктер танылады – лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін ресурстарға еркін қол жеткізу; белсенді, салауатты, ұзақ өмір сүру; өмір сүру ағысында үздіксіз қажетті, кәсіби білім алу [2]. Бұл тұжырымдамалар адам ресурстарын дамыту теориясының негізін қалайды және қоғамның әлеуметтік прогрестік өлшемдерін қалыптастырады (1 кесте).

Кесте 1 - «Адами ресурстар» түсінігіне көзқарастардың қалыптасуы

Шетел экономистері	
1	2
А. Смит	Негізгі капиталға еңбек құралдарын, ғимараттарды, жерді, сонымен қатар «қоғамның барлық тұрғындары мен мүшелерінің бойындағы пайдалы қабілеттерін» енгізді. Бұл қабілеттер нақты бір тұлғаның ажырамас бөлігі болып табылады, сонымен қатар осы тұлғаның өмір сүріп отырған қоғам байлығының бір бөлігіне айналады.
Г. Беккер, Т. Шульц	Адам капиталы – индивидуумның пайда әкелу істерін, жеке жұмыскердің қабілеттерін, білімдерін, біліктілігі мен дағдыларын бағалау.
Р. Макинтайр	Адам ресурстары кең мағынада тауарлар мен пайдалы қызметтер өндірісінде қолданыста бар немесе қолданыла алатын тұрғындардың белсенділігін, кәсіби біліктілігін, дарыны мен білімін сипаттайды.
Ресейлік экономистер	
С.А. Капелюшников	Адами ресурстар – бұл әрбір адамда бар, капиталды құрастырушы болып табылатын білімдердің, қабілеттер мен мотивациялардың қоры, өйткені оның қалыптасуы ағымдағы тұтынуға зиян келтіре отырып қаражат бөлуді талап етеді де, олар өнімділікті арттырудың қайнар көзі ретінде қызмет етеді.
Г. Г. Меликьян, Р. П. Колосова	Адами ресурстар материалдық ресурстар сияқты елдің экономикалық дамуында көрініс табады. Бұл бір жағынан материалдық игіліктерді дайындайтын, екінші жағынан олардың тұтынушысы болып табылатын адамдар.
Қазақстандық экономистер	
Б. Л. Тәтібеков, М. К. Мелдаханова	Әлеуметтік-экономикалық аспект: Адами ресурстар – бұл жоғары білім деңгейі, кәсібилік пен кәсіпкерлік қабілеттерді иеленуші, елдің маңызды стратегиялық ресурсы ретінде көрініс табатын адами ресурстар. Экономикалық аспект: Адам ресурстары – бұл елдің экономикалық өсуі мен дамуына ықпалын тигізетін қолданыста бар немесе қолданыла алатын халықтың бір бөлігі. Оларға шетелдік мемлекеттердің еңбек ресурстары, (I және II топ мүгедектерінен басқа) халықтың барлығы қосыдалы,
А. А. Горкопко	Адами ресурстар – тұрғындардың табиғи, экономикалық (өндіруші), әлеуметтік және саяси сапаларының жиынтығы ретінде ұсынылатын жалпы әлеуметтік категория.

Адами ресурстардың дамуы келесі негізгі қағидаттардан тұрады:

- барлық адамдарда тең мүмкіндіктер болу қажет, сондықтан жынысына, дініне, ұлтына, тұрғылықты орнына байланысты шектеулерді жою қажет;
- барлық азаматтардың өз іс-әрекеттерінің өнімділігін арттыруға, табысын қалыптасыру үдерісіне толық қатысуға және еңбегі үшін лайықты ақшалай сыйақы алуға мүмкіндіктері болу қажет;
- мүмкіндіктерге қол жетімділікпен қазіргі ғана емес, сонымен қатар келешек ұрпақтың да қамтамасыз етілуі қажет, сондықтан тиісті түрде барлық капитал түрінің (материалдық, адами, экологиялық) ұдайы өндірісі қамтамасыз етілу қажет;
- даму адамдардың өз күштерімен жүзеге асырылу қажет. Азаматтар өз өмірлеріне әсер ететін шешімдерді қабылдау үдерісіне толық қатысулары қажет;
- адам ресурстарының сандық және сапалық дамуы мемлекет дамуының негізгі басым бағыттарына сәйкес болуы тиіс;
- адам ресурстарын дамыту олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы керек. Яғни адам ресурстарын оқыту және қайта даярлау кезінде әлемдік стандарттарға сүйену қажет.

Адами ресурстардың тұрақты дамуын басқару жинақталған әлеуетті жетілдіру және сақтауды қамтамасыз ететін, адам ресурстарына үздіксіз және мақсатты әсер ету үдерісін білдіреді. Адам ресурстарының тұрақты дамуын басқарудың алғышарты болып олардың даму жағдайына дұрыс баға беру болып табылады.

Адам ресурстарының дамуын адам даму үдерісімен ұштастырып та қарастырады. Себебі адам дамуы тұжырымдамасы да еліміздегі бүкіл халықтың сапалы өмірге, лайықты табысқа, білімге қол жеткізіп, денсаулығын сақтауды және қоршаған ортаның сақталуын көздейді.

«Тұрақты даму» түсінігінің негізгі сипаттамасы табиғи ресурстарды кешенді және тиімді қолдану қажеттілігі болып табылады, адам өмір сүретін қоршаған ортаны оның тұрақтылығын бұзбай және оған зиян келтірмей сақтай білу қажет

[3]. Бұл тұжырым біздің «тұрақты даму» және «адам дамуының тұрақтылығы», санатына авторлық көзқарасымызды қалыптастыру үшін негіз болып табылды, олардың өзара байланысы, осы түсініктердің мәнінен туындайтын өзінің жетістігіне әртүрлі тетіктерді қосатын көп аспектілі және көп факторлы тиісті мемлекеттік стратегияны құру кезінде белгілі шарттарды сақтау қажеттілігін білдіреді.

Әдебиеттер:

1. Казахстанская модель социально-экономического развития: научные основы построения и реализации / под ред. М.Б.Кенжегузина. – Алматы, ИЭ МОН РК, 2005.
2. Исаханова П.Б. Әлеуметтік қорғау жүйесіндегі әлеуметтік тәуекелдікті басқару ерекшеліктері. //Банки Казахстана, №3, 2018ж.
3. Баймуратов У. Социализация в экономике: от индивида до государства. Избранные научные труды.- Алматы: Экономика, 2015, Т. 5. -320 с.